

"Шымкент қаласының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 ақпандағы № 266 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына және 39-бабына, "Құқықтық актілер туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-1-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы үлгілік ережеге сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Шымкент қаласының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. "Шымкент қаласының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte осы қаулыдан туындайтын барлық қажетті шараларды атқарсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Ш. Мұқанға жүктелсін.
4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Әйтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің
2022 жылғы "14" ақпандығы
№ 266 қаулысына қосымша

"Шымкент қаласының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережесі

1 тарау. Жалпы ережелер

1. "Шымкент қаласының дін істері басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) Шымкент қаласының аумағында дін саласындағы мемлекеттік саясатты басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.
2. Басқарманың ведомстволары жоқ.
3. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. Басқарма мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген

мөрлөрі және атау қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Басқарманың, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бүйректерымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Түркістан көшесі, 91, индекс 160011.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы әкімдігінің 18.04.2025 № 1786 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

10. Осы Ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Басқармаға заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2 тарау. Мемлекеттік органдың міндеттері мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) Шымкент қаласының аумағында дін саласындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын іске асыру;

2) мәдениеттер мен діндер диалогының жаңа нысандарын іздеу арқылы конфессияларың келісім мен тұрақтылықты нығайту;

3) діни, этно - мәдени және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктер:

1) құқықтар:

өз функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан, өзге де ұйымдар мен азаматтардан сұратуға. Басқарманың

құзыретіне жататын мәселелерді дайындауға мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тарту;

дін саласындағы мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде әкімге ұсыныстар енгізуге, Басқарманың қарауына жататын мәселелер бойынша ақпараттық-талдау және материалдарды дайындауды жүзеге асыруға;

дін саласындағы, адам құқықтарын сактау мәселелері және Басқарманың құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына ұйымдастырушылық-әдістемелік, ақпараттық және өзге де көмек көрсету;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сактау;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ қала әкімі мен әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау.

15. Функциялар:

1) өңірдегі діни ахуалды зерделеп, оған талдау жүргізеді;

1-1) өңірде жұмыс істеп тұрған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметін зерделеуді және талдауды жүргізеді;

2) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) діни қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

4) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және занды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

5) Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

6) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша жергілікті деңгейде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

7) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын келіседі, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізу туралы діни бірлестіктер берген хабарламаларды қарайды;

8) ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау, сондай-ақ үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім қабылдайды;

9) діни бірлестіктерді құруға бастамашы азаматтардың тізімдеріне тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді;

10) миссионерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарды тіркеуді жүргізеді;

11) Басқарма мұддесінде Қазақстан Республикасы заңнамасында жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасы заңы 5-бабына, "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы заңы 7-бабының 21-тармағына, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағы 7) тармақшасына сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асырады;

12) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 804-бабының 50-тармағына сәйкес көрсетілген Кодекстің 453, 490-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырады;

13) терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды;

14) діни экстремизмге жол бермеу мақсатында мынадай профилактикалық іс-шаралар жүргізеді: қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды, тиісті аумақта діни бірлестіктер мен миссионерлік қызметті зерттеуді жүзеге асырады, олар туралы мәліметтер банкін қалыптастырады, өнірлік деңгейде ақпараттық - насиҳаттау іс-шараларын жүзеге асырады, діни ахуалды зерттеу және мониторингтеуді жүзеге асырады;

15) Шымкент қаласының аумағында конфессияаралық келісім мен төзімділікті нығайту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

16) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асырады;

17) дін саласындағы бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің функцияларын жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - Шымкент қаласы әкімдігінің 18.04.2025 № 1786 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3 тарау. Мемлекеттік орган басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - Шымкент қаласы әкімдігінің 18.04.2025 № 1786 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

16. Басқарманы басқаруды басқарма басшы жүзеге асырады, ол Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Басқарма басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымына Шымкент қаласының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

18. Басқарма басшысының штаттық кестеге сәйкес орынбасарлары жоқ.

19. Басқарма басшысының өкілеттіктері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқарма қызметкерлерін, "Дін мәселелерін зерттеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
- 2) құрылымды, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді және басқарма қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;
- 3) міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Басқарманың атынан өкілдік етеді;
- 5) бірінші қол қою құқығына ие;
- 6) сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;
- 7) басқарма қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) басқарма қызметкерлеріне, ведомстволық бағынысты ұйымның басшысы мен орынбасарына көтермелей, материалдық көмек көрсету шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;
- 9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарма басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерістер енгізілді - Шымкент қаласы әкімдігінің 18.04.2025 № 1786 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілді).

4 тарау. Мемлекеттік органдың мүлкі

20. Басқарманың заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Басқармаға бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарма өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5 тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

Шымкент қаласы "Дін мәселелерін зерттеу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Ескерту. 23-тармаққа орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгеріссіз қалады - Шымкент қаласы әкімдігінің 18.04.2025 № 1786 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК